

«Бекітілді»

«Абай облысының
қаржы басқармасы» ММ

2022 жылғы «14» қыркүйек
№ 10-11/2 бұйрығымен

**Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы
білім бөлімінің «К.Шакенов атындағы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Жарғысы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «К.Шакенов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық - құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеменің құрылтайшысы «Абай облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

4. Мекемені мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орган Абай облысы білім басқармасының «Жарма ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Білім беруді басқару органы) болып табылады.

5. Мекеменің мүлікке қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Абай облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) болып табылады.

6. Мекеменің атауы: Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің «К.Шакенов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекеменің тұрған жері: 070600, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жаңаөзен ауылы, Міржақып Дулатұлы көшесі, ғимарат 2.

2-тарау. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мекеменің атауы бар бланкілері, мөрлері болады.

9. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мекеме өз міндеттемелері бойынша өз билігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Мекеме қызметінің мақсаты: білім берудің әрбір деңгейі бойынша ғылым жүйесінің базистік негіздерін меңгеру негізінде тұлғаның құзыреттілігін, жан-жақты дамуын және кәсіби бағдарлануын қалыптастыру болып табылады.

Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген ғылымның базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3) жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) білім алушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып және уәкілетті органмен келісу бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың танымдық мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес интеграцияланған (инклюзивті) білім алу құқығын іске асыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

14. Мекемедегі оқу-тәрбие процесі қолданыстағы үлгілік қағидалар бойынша әзірленген және бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Мекемеде оқыту мен тәрбиелеу тілі мемлекеттік тіл болып табылады.

16. Оқу сабақтарының ұзақтығы және Мекемедегі каникул күндерін бөлу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарының түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес айқындалады.

17. Жұмыс тәртібі мен ауысым санын мектептің педагогикалық кеңесі бекітеді.

18. Оқушыларды Мекемеге қабылдау және оқудан шығару Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Мекемеде ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту көзделген.

21. Мекемеде типтері мен түрлеріне қарамастан барлық білім беру ұйымдары үшін тиісті білім беру деңгейлерінің міндетті мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары іске асырылады.

22. Мекемеде денсаулық жағдайына байланысты коммуналдық мемлекеттік мекемеде сабаққа қатыса алмайтын және үйде оқитын он сегіз жасқа дейінгі 1-11 сынып балалары үшін жеке оқыту жүзеге асырылады.

23. Мекемеде оқушыларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

24. Мекемеде тәрбиеленушілер мен білім алушыларды медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады.

25. Мекемеде білім алушылардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру үшін жағдай жасалған.

26. Мекемеде мектепке дейінгі білім беру мектепке дейінгі сыныптар арқылы жүзеге асырылады.

27. Мекемеде мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шағын орталықтың жұмысы ұйымдастырылған. Шағын орталықтың жұмыс істеу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен айқындалған.

28. Тиісті жағдайлар болған кезде, оқушылардың ата - аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініштері негізінде Мекемеде Мекеменің жергілікті актісіне сәйкес ұзартылған күн топтары ашылуы мүмкін.

29. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер ішкі тәртіп ережелерінің талаптарына сәйкес Мекемеде белгіленген киім нысанын сақтауға міндетті.

30. Қашықтықтан оқыту білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Мекемеде жүзеге асырылады.

31. Мекемеде жұмыскерлердің штат саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік білім беру ұйымдары жұмыскерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес белгіленеді.

32. Педагог лауазымына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Педагог жұмыскерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес тұлғалар қабылданады.

33. Жұмыскер мен білім беру ұйымының еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

34. Мекеме бекітілген Мемлекеттік қызмет көрсету ережелеріне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді.

35. Мекемеде білім алушының, заңды өкілдердің өзара қарым-қатынасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын үлгі шартпен реттеледі.

36. Мекемеде нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға бірдей танылған қағидаттарына қайшы келетін өзге де идеяларды таратуға тыйым салынады.

37. Білім беру ұйымында алып өтуге тыйым салынған заттар мен заттардың тізбесі қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілермен айқындалған.

38. Мекеме аумағында өткізу режимі ұйымдастырылған, оның тәртібі Мекеменің педагогикалық кеңесі бекіткен ішкі тәртіп қағидаларында айқындалған.

39. Лицензиялауға жататын қызмет түрлерін Мекеме тиісті лицензия алғаннан кейін жүзеге асырады.

40. Ақылы қызметтерді Мекеме Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгіленген тәртіппен ұсынады.

41. Мекеменің дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын жалға беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

43. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы, не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі Жергілікті атқарушы органның, Білім беруді басқару органының, Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мекемені басқару

44. Мекемені жалпы басқаруды білім беруді басқару органы жүзеге асырады.

45. Білім беруді басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- Мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібін және өкілеттілік мерзімін, Мекеменің шешім қабылдау тәртібін анықтайды;
- Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негізін анықтайды;
- Мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- Мекеме басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- Мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға жазбаша келісім береді;
- осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

46. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- білім беруді басқару органының ұсынуы бойынша коммуналдық мүлікті Мекемеге бекітеді;
- білім беруді басқару органының ұсынысы бойынша Мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

- білім беруді басқару органымен келісім бойынша жедел басқару құқығында Мекемеге бекітілген мүлікті алып қоюды немесе оны басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуді жүзеге асырады;

- Мекеменің дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын қоспағанда, Мекеменің мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

- Мекемеге алып қойылған мүлікті күтіп-ұстау және оны өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілейді;

- осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

47. Мекеменің басшысын Білім беруді басқару органы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен белгіленген тәртіппен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

48. Мекеме басшысы Мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Білім беруді басқару органына тікелей бағынады және Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

49. Мекеме басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

50. Мекеме басшысының Мекеме жарғысына қайшы әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

51. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

- Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

- мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Мекеменің мүддесін

білдіреді;

- шарттар жасасады;

- сенімхаттар береді;

- Мекеменің іс-сапарлар, тағылымдамалар, жұмыскерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және жұмыскерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша жоспарларын бекітеді;

- банк шоттарын ашады;

- барлық жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

- Білім беруді басқару органы тағайындаған жұмыскерлерден басқа Мекеме жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Мекеме жұмыскерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

- өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің өзге де басшы жұмыскерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін белгілейді.

52. Мекеме басшысы және оның орынбасарлары үш жылда бір рет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен белгіленген тәртіпте аттестациядан өтеді.

53. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Білім беруді басқару органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

54. Мекеменің алқалы басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес және өз қызметін Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасы негізінде жүзеге асыратын басқарудың басқа да нысандары болып табылады.

5-тарау. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

55. Мекеменің мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардан құралады:

1. меншік иесі Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган атынан берген мүлік;

2. өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3. Қазақстан Республикасы заңдарында тыйым салынбаған өзге де қаржы есебінен құрылады. Мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында Мекемеге кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)

өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, осындай қызметтен алынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады, сатудан түскен ақша олардың иелігінде қалады.

57. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Мекеменің қызметі жергілікті және республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

58. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп береді.

59. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және тексеру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6-тарау. Мекемедегі жұмыс тәртібі

60. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

61. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Жергілікті атқарушы органның немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі және Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8-тарау. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

62. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

63. Мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

64. Мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Білім беруді басқару органы жүзеге асырады.

65. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

66. Таратылған Мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы жергілікті бюджеттің кірісіне есептеледі.

9- тарау. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер


67. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Абай облысы білім басқармасының
Жарма ауданы білім бөлімінің
«К.Шакенов атындағы орта мектебі»
КММ директоры



К.С.Байғалиев

Келісіді:
Абай облысы білім басқармасының
«Жарма ауданы білім бөлімі»
ММ басшысы



К.Р.Шаймуратов

«Утвержден»
приказом
ГУ «Управление финансов
области Абай»
от «14» сентября 2022 г.
№ 10-114

Устав
коммунального государственного учреждения
«Средняя школа имени К.Шакенова» отдела образования Жарминского
района управления образования области Абай

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени К.Шакенова» отдела образования Жарминского района управления образования области Абай (далее – Учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно - правовой форме учреждения для осуществления функций в области образования.
2. Вид государственного учреждения: коммунальное.
3. Учредителем Учреждения является Государственное учреждение «Аппарат акима области Абай» (далее – Местный исполнительный орган).
4. Органом, осуществляющим государственное управление Учреждением, является государственное учреждение «Отдел образования Жарминского района» управления образования области Абай (далее – Орган управления образованием).
5. Органом, осуществляющим по отношению к Учреждению функции субъекта права в отношении имущества, является государственное учреждение «Управление финансов области Абай» (далее – Уполномоченный орган по государственному имуществу).
6. Наименование Учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени К.Шакенова» отдела образования Жарминского района управления образования области Абай
7. Место нахождения Учреждения: 070600, Республика Казахстан, область Абай, Жарминский район, Акжалский сельский округ, село Жанаозен, улица Миржакып Дулатулы, здание 2.

Глава 2. Юридический статус Учреждения

8. Учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Учреждения.

9. Учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

10. Учреждение отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности у Учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Местный исполнительный орган средствами местного бюджета.

11. Гражданско - правовые сделки Учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности Учреждения

12. Предметом деятельности Учреждения является реализация общеобразовательных учебных программ дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего образования и образовательных учебных программ дополнительного образования обучающихся и воспитанников.

13. Целью деятельности Учреждения является: формирование компетентности, всестороннего развития и профессиональной ориентации личности на основе освоения базисных основ системы наук по каждому уровню образования, предусмотренных государственными общеобязательными стандартами образования.

Для достижения цели Учреждение выполняет следующие задачи:

1) создание условий для развития функциональной грамотности обучающихся и воспитанников через освоение образовательных программ, направленных на формирование и развитие компетентной личности;

2) обеспечение получения обучающимися и воспитанниками базисных основ наук, предусмотренных соответствующими государственными общеобязательными стандартами образования;

3) развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни;

4) воспитание гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине - Республике Казахстан, уважения к государственным символам и

государственному языку, почитания народных традиций, нетерпимости к любым антиконституционным и антиобщественным проявлениям;

5) воспитание личности с активной гражданской позицией, формирование потребностей участвовать в общественно-политической, экономической и культурной жизни республики, осознанного отношения личности к своим правам и обязанностям;

6) приобщение к достижениям отечественной и мировой культуры, изучение истории, обычаев и традиций казахского народа и других национальностей, проживающих в Республике Казахстан;

7) создание условий для реализации права детей с особыми образовательными потребностями на получение интегрированного (инклюзивного) образования в соответствии с их познавательными возможностями и способностями, с учетом интересов родителей или иных законных представителей обучающихся и по согласованию с Уполномоченным органом.

14. Учебно-воспитательный процесс в Учреждении осуществляется в соответствии с типовыми учебными программами и рабочими учебными планами, разработанными и утвержденными по действующим типовым правилам.

15. Языком обучения и воспитания в Учреждении является государственный язык.

16. Продолжительность учебных занятий и распределение каникулярных дней в Учреждении определяются в соответствии с Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых правил деятельности по видам общеобразовательных организаций».

17. Режим работы и количество смен утверждаются педагогическим советом школы.

18. Прием учащихся в Учреждение и отчисление осуществляются в соответствии с Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых правил приема на обучение в организации образования, реализующих общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования».

19. Текущий контроль успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся осуществляется в соответствии с Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся для организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования».

20. В Учреждении предусмотрено обучение обучающихся с особыми образовательными потребностями с учетом интересов родителей (законных представителей).

21. В Учреждении реализуются государственные общеобязательные стандарты соответствующих уровней образования обязательные для всех организаций образования независимо от типов и видов.

22. В Учреждении осуществляется индивидуальное обучение для детей 1 – 11 классов в возрасте до восемнадцати лет, которые по состоянию здоровья не могут посещать занятия в коммунальном государственном учреждении и обучаются на дому.

23. В Учреждении обеспечение учащихся учебниками, учебно - методическими комплексами осуществляется за счет средств государственного бюджета.

24. В Учреждении организуется медицинское обеспечение воспитанников и обучающихся.

25. В Учреждении созданы условия для организации качественного питания обучающихся.

26. В Учреждении дошкольное образование реализуется через классы дошкольной подготовки.

27. В Учреждении организована работа мини-центра для детей дошкольного возраста. Порядок функционирования мини-центра определен Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых правил деятельности организаций образования соответствующих типов и видов».

28. При наличии соответствующих условий, на основании заявлений родителей учащихся, или иных законных представителей, в Учреждении могут открываться группы продленного дня, в соответствии с локальным актом Учреждения.

29. Обучающиеся и воспитанники обязаны соблюдать форму одежды, установленную в Учреждении в соответствии с действующими требованиями Правил внутреннего распорядка.

30. Дистанционное обучение осуществляется в Учреждении в порядке, определяемом уполномоченным органом в области образования.

31. В Учреждении штатная численность сотрудников устанавливается согласно Постановления Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Типовых штатов работников государственных организаций образования».

32. На должность педагога принимаются лица, соответствующие Приказу Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Типовых квалификационных характеристик должностей педагогических работников и приравненных к ним лиц».

33. Трудовые отношения работника и организации образования регулируются трудовым законодательством Республики Казахстан.

34. Учреждение предоставляет государственные услуги в соответствии утвержденными правилами оказания государственных услуг.

35. В Учреждении взаимоотношения обучающегося, законных представителей регулируются типовым договором, определяющим права и обязанности сторон, в соответствии с действующим законодательством.

36. Пропаганда расовой, этнической, религиозной, социальной непримиримости и исключительности, распространение милитаристских и иных идей, противоречащих общепризнанным принципам международного права и гуманизма, в Учреждении запрещается.

37. Перечень предметов и веществ, запрещенных к проносу в организации образования определен действующими нормативно - правовыми актами.

38. На территории Учреждения организован пропускной режим, порядок которого определен правилами внутреннего распорядка, утвержденными педагогическим советом Учреждения.

39. Виды деятельности, подлежащие лицензированию, осуществляются Учреждением после получения соответствующей лицензии.

40. Платные услуги предоставляются Учреждением в порядке установленном Законом Республики Казахстан «Об образовании».

41. Передача в аренду физкультурно-оздоровительных и спортивных сооружений Учреждения осуществляется в соответствии с Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Правил предоставления в имущественный наем (аренду) физкультурно-оздоровительных и спортивных сооружений, закрепленных за государственными организациями среднего образования».

42. Учреждение не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем Уставе.

43. Сделка, совершенная Учреждением в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции его руководителя, может быть признана недействительной по иску Местного исполнительного органа, Уполномоченного органа соответствующей отрасли, Уполномоченного органа по государственному имуществу либо прокурора.

Глава 4. Управление Учреждением

44. Общее управление Учреждением осуществляет Орган управления образованием.

45. Орган управления образованием в установленном законодательством порядке осуществляет следующие функции:

- утверждает индивидуальный план финансирования Учреждения;
- осуществляет контроль за сохранностью имущества Учреждения;
- определяет структуру, порядок формирования и срок полномочий органов управления Учреждения, порядок принятия Учреждением решений;

- определяет права, обязанности и ответственность руководителя Учреждения, основания освобождения его от занимаемой должности;
- утверждает структуру и предельную штатную численность Учреждения;
- по представлению руководителя Учреждения назначает на должность и освобождает от должности его заместителя (заместителей);
- утверждает годовую финансовую отчетность;
- дает письменное согласие уполномоченному органу по государственному имуществу на изъятие или перераспределение имущества, переданного Учреждению или приобретенного им в результате собственной хозяйственной деятельности;
- осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

46. Уполномоченный орган по государственному имуществу в установленном законодательством порядке осуществляет следующие функции:

- по предоставлению Органа управления образованием закрепляет коммунальное имущество за Учреждением;
- по представлению Органа управления образованием утверждает устав Учреждения, вносит в него изменения и дополнения;
- по согласованию с Органом управления образованием осуществляет изъятие закрепленного за Учреждением на праве оперативного управления имущества либо его перераспределение между другими юридическими лицами;
- принимает решения об использовании имущества Учреждения, в том числе о передаче его в аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление, за исключением физкультурно-оздоровительных и спортивных сооружений Учреждения.
- устанавливает Учреждению сроки содержания и обеспечения сохранности изъятых имущества до его передачи иному лицу;
- осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

47. Руководитель Учреждения назначается на должность и освобождается от должности Органом управления образованием в порядке, установленном Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении правил назначения на должности, освобождения от должностей первых руководителей и педагогов государственных организаций образования».

48. Руководитель Учреждения организует и руководит работой Учреждения, непосредственно подчиняется Органу управления образованием и несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Учреждение задач и осуществление им своих функций.

49. Руководитель Учреждения действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает вопросы деятельности Учреждения в соответствии с его

компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

50. Действия руководителя Учреждения, направленные на осуществление Учреждением неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

51. Руководитель Учреждения в установленном законодательством Республики Казахстан порядке:

- без доверенности действует от имени Учреждения;
- представляет интересы Учреждения в государственных органах, иных организациях;
- заключает договоры;
- выдает доверенности;
- утверждает планы Учреждения по командировкам, стажировкам, обучению работников в казахстанских и зарубежных учебных центрах и иным видам повышения квалификации работников;
- открывает банковские счета;
- издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников;
- принимает на работу и увольняет с работы работников Учреждения, кроме работников, назначаемых Органом управления образованием;
- применяет меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания на работников Учреждения, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;
- определяет обязанности и круг полномочий своего заместителя (заместителей) и иных руководящих работников Учреждения;

52. Руководитель Учреждения и его заместители один раз в три года проходят аттестацию в порядке, установленном Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении Правил и условий проведения аттестации педагогов, занимающих должности в организациях образования, реализующих общеобразовательные учебные программы дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего образования, образовательные программы технического и профессионального, послесреднего, дополнительного образования и специальные учебные программы, и иных гражданских служащих в области образования и науки».

53. Осуществляет иные функции, возложенные на него законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом и Органом управления образованием.

54. Формами коллегиального управления Учреждения являются педагогический, методический, попечительский советы, совет по педагогической этике и другие формы управления, которые осуществляют свою деятельность на основе законодательства Республики Казахстан в области образования.

Глава 5. Порядок образования имущества Учреждения

55. Имущество Учреждения составляют активы юридического лица, стоимость которых отражается на его балансе. Имущество Учреждения формируется за счет:

1. имущества, переданного ему собственником в лице Уполномоченного органа по государственному имуществу;
2. имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;
3. иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

Учреждение не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выделенных ему по смете.

56. Если законами Республики Казахстан Учреждению предоставлено право, осуществлять приносящую доходы деятельность, то деньги, полученные от такой деятельности, подлежат зачислению в соответствующий бюджет, за исключением денег от реализации товаров (работ, услуг), которые остаются в их распоряжении в соответствии с приказом Министра финансов Республики Казахстан «Об утверждении Классификатора перечня товаров (работ, услуг) государственных учреждений, содержащихся за счет республиканского или местного бюджета, деньги от реализации которых остаются в их распоряжении».

57. Деятельность Учреждения финансируется из местного и республиканского бюджета, если дополнительный источник финансирования не установлен законами Республики Казахстан.

58. Учреждение ведет бухгалтерский учет и представляет отчетность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

59. Проверка и ревизия финансово-хозяйственной деятельности Учреждения осуществляется в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

Глава 6. Режим работы в Учреждении

60. Режим работы Учреждения устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

Глава 7. Порядок внесения изменений и дополнений в учредительные документы

61. Внесение изменений и дополнений в учредительные документы Учреждения производится по решению Местного исполнительного органа или Уполномоченного органа по государственному имуществу и проходят процедуру государственной регистрации в территориальных органах юстиции в соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств».

Глава 8. Условия реорганизации и ликвидации Учреждения

62. Реорганизация и ликвидация Учреждения производится по решению Местного исполнительного органа.

63. Учреждение ликвидируется также по другим основаниям, предусмотренным законодательными актами.

64. Реорганизацию и ликвидацию Учреждения осуществляет Орган управления образованием.

65. Имущество ликвидированного государственного юридического лица, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется уполномоченным органом по государственному имуществу.

66. Деньги ликвидированного Учреждения, включая средства, полученные в результате реализации его имущества, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход местного бюджета.

Глава 9. Сведения о филиалах и представительствах Учреждения


67. Учреждение филиалов и представительств не имеет.

Директор
КГУ «Средняя школа имени К.Шакенова»
отдела образования Жарминского района
управления образования
области Абай



Байгалиев К.С.

Согласовано:
Руководитель
ГУ «Отдел образования Жарминского района»
управления образования
области Абай



Шаймуратов К.Р.

Жаргынын барлык беті 18/он сегіз/номерленіп тігілді.

Ұстаз проиндуровано, прономеровано в 18/восемнацать/листов

Дүйсөмөл Бөкбаева
Дүйсөмөл Б. Б.

